

Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты  
элеуметтік қорғау министрі  
2021 жылғы 25 наурыздағы  
№ 84 бұйрығына  
7-қосымша

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары,  
міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан  
зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру» мемлекеттік қызметін көрсету  
қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру» мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік қызметті «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші, БЖЗҚ) жеке тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға сәйкес көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

- 1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация);
- 2) көрсетілетін қызметті беруші;
- 3) «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады;
- 4) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы.

**2-тарау. Зейнеткерлік жасқа толған адамдарға, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімсіз белгіленген тәртібі**

3. Көрсетілетін қызметті алушы мыналарда көзделген жағдайлар туындаған кезде мемлекеттік қызметті алу мақсатында:

1) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 31-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы, 32-бабы 1-тармағының 2) тармақшасы бойынша - осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесінде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш беру арқылы тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияға жүгінеді;

2) Заңның 31-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы, 32-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы бойынша - БЖЗҚ-ға өтініш пен осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес құжаттар тізбесін ұсынады.

БЖЗҚ-ның интернет-ресурсы арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған өтінішті ұсынады.

4. БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар және оларды БЖЗҚ-ға алуға өтініш білдірмеген, бұл ретте жасына байланысты зейнетақы төлемдерін және бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін алушылар болып табылатын тұлғалардың «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының [Заңына](#) сәйкес проактивті қызмет арқылы БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алуға келісімі болған кезде Мемлекеттік корпорацияға өтініш ұсыну талап етілмейді.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

6. Құжаттарды қараудың және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін берудің жалпы мерзімі көрсетілетін қызметті беруші құжаттар топтамасын қабылдаған және тіркеген күннен бастап он жұмыс күнін құрайды.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген құжаттардың толық топтамасын тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушыға:

Мемлекеттік корпорацияда - осы Қағидаларға [3-қосымшаға](#) сәйкес тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі;

көрсетілетін қызметті берушіде - көрсетілетін қызметті берушіге пошта байланысы құралдары арқылы құжаттар топтамасын берген тұлғаны қоспағанда, көрсетілетін қызметті берушінің ішкі құжатымен бекітілген нысан бойынша құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

8. Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында айқындалған жағдайларда:

Мемлекеттік корпорация осы Қағидаларға [4-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат бере отырып, өтінішті қабылдаудан бас тартады;

көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті берушінің ішкі құжатымен бекітілген нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат бере отырып, не бас тарту себебін көрсете отырып, құжаттарды алған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде хабарлама жіберу арқылы өтінішті орындаудан бас тартады.

9. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген құжаттар топтамасы заңнама талаптарына сәйкес келген кезде осы Қағидалардың 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды қабылдайтын мемлекеттік корпорацияның қызметкері:

Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы, тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы мәліметтерді алу үшін «Жеке тұлғалар» Мемлекеттік Деректер қоры» ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі - «ЖТ МДҚ» АЖ) «электрондық үкімет» шлюзі арқылы сұрау салуды қалыптастырады;

«Халыққа қызмет көрсету орталығы» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - «ХҚКО» ҮАЖ) арқылы БЖЗҚ ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі - БЖЗҚ АЖ) онда көрсетілетін қызметті алушының атына ашылған жеке зейнетақы шотының болуына, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдеріне, зейнетақы жинақтарына құқығын, көрсетілетін қызметті беруші белгілеген төлем фактісін және көрсетілетін қызметті алушының зейнетақы жинақтарын төлеу және аудару бойынша орындалмаған қолданыстағы өтінішін сұрату қалыптастырады;

егер көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдері түріндегі табысқа салық шегерімін қолдануға құқылы болған жағдайда, тиісті мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде, оның ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - Еңбекминінің АЖ) тиісті растайтын құжаттардың немесе мәліметтердің болуын тексереді);

БЖЗҚ АЖ-дан оң жауап алған кезде өтінішті «ХҚКО» БІАЖ-да тіркеуді жүзеге асырады, салық жеңілдігі болған жағдайда «ХҚКО» БІАЖ-ға алушының тиісті жеңілдікті санаты туралы белгі қояды;

құжаттарды, оның ішінде «ЖТ МДҚ» АЖ-де мәліметтері жоқ құжаттарды, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде, оның ішінде Еңбекминінің АЖ-де растайтын мәліметтер болмаған жағдайда БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдеріне салық салу кезінде жеңілдіктің болуын растайтын құжаттарды сканерлейді;

қабылданған құжаттар негізінде электрондық іс макетін қалыптастырады;

Еңбекминінің АЖ-не деректерді түсіре отырып, «ХҚКО» БІАЖ-де тіркелген өтінішті өңдеуді жүзеге асырады.

10. Алушылардың тіркелген өтініштері бойынша Мемлекеттік корпорация БЖЗҚ мен Мемлекеттік корпорация арасында жасалған тиісті келісімде белгіленген тәртіппен БЖЗҚ-мен өзара іс-қимылды жүзеге асырады, оның шеңберінде БЖЗҚ-ға Мемлекеттік корпорацияда тіркелген алушылардың өтініштері мен электрондық өтінімдер туралы мәліметтер беріледі.

Мемлекеттік корпорация БЖЗҚ-дан алынған зейнетақы төлемдерінің сомаларын Мемлекеттік корпорация белгілеген зейнетақы төлемдері мен жәрдемақыларының кестесіне сәйкес көрсетілетін қызметті алушылардың банк шоттарына аударады.

Мемлекеттік корпорация көрсетілетін қызметті алушыны өтініште көрсетілген көрсетілетін қызметті алушының ұялы телефон нөміріне (бар болса) sms-хабарлама беру арқылы зейнетақы төлемін жүзеге асыру туралы хабардар етеді.

11. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген құжаттар топтамасы заңнама талаптарына сәйкес келген кезде осы Қағидалардың 3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды қабылдайтын БЖЗҚ қызметкері:

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған деректер банкі» ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі - «МОДҚ» АЖ) көрсетілетін қызметті алушыға белгіленген мүгедектік тобы және қолданылу мерзімі туралы мәліметтердің болуы туралы сұрау салуды қалыптастырады;

ұсынылған құжаттар пакетіне ескертулер болмаған, оның ішінде көрсетілетін қызметті алушыда бірінші немесе екінші топтағы мүгедектіктің мерзімсіз белгіленгенін растайтын «МОДҚ» АЖ-де мәліметтер болған кезде көрсетілетін қызметті алушының өтінішін БЖЗҚ АЖ-де тіркеуді жүзеге асырады;

қабылданған құжаттар негізінде электрондық іс макетін қалыптастырады, оның ішінде қол қойылған өтініш пен құжаттардың сканерленген көшірмелерін БЖЗҚ АЖ-не тіркейді.

12. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

13. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйе істен шыққан жағдайда көрсетілетін қызметті беруші істен шыққан сәттен бастап дереу мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы, мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін өтініштің тіркеу нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі, қатеге әкеп соқтыратын іс-қимылдар реттілігінің сипаттамасы бойынша ақпаратты, туындаған проблеманы түсіндіретін скриншоттарды міндетті түрде ұсына отырып, [oop@enbek.kz](mailto:oop@enbek.kz) электрондық поштасы арқылы қолдау қызметіне сұрау салу жолдайды.

### **3-тарау. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

14. Зейнетақы жинақтары бар, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар БЖЗҚ-ға осы Қағидаларға [2-қосымшада](#) айқындалған өтініш пен құжаттарды ұсынады.

15. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген құжаттар топтамасы заңнама талаптарына сәйкес келген кезде БЖЗҚ қызметкері:

ұсынылған құжаттар пакетіне ескертулер болмаған кезде, оның ішінде жүгінген шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кетуіне не шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсаттың жойылуына байланысты Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің не шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатының не азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген куәлігінің жарамсыздығы туралы «ЖТ МДҚ» АЖ мәліметтері болған кезде, көрсетілетін қызметті алушының өтінішін БЖЗҚ АЖ-де тіркеуді жүзеге асырады;

қабылданған құжаттар негізінде электрондық іс макетін қалыптастырады, оның ішінде қол қойылған өтініш пен құжаттардың сканерленген көшірмелерін БЖЗҚ АЖ-не тіркейді.

16. Осы Қағидаларға 2-қосымшада айқындалған, оның ішінде «ЖТ МДҚ» АЖ-де Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің не шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатының не Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген азаматтығы жоқ адамның куәлігінің болуы және жарамдылығы туралы мәліметтер болмаған, сондай-ақ жүгінген шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кетуі туралы мәліметтер болмаған жағдайларда, шетелдік немесе азаматтығы жоқ адамға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға арналған рұқсаттың күшін жойған жағдайда, БЖЗҚ қызметкері БЖЗҚ-ның ішкі құжатымен бекітілген нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхатты табыс ете отырып не өтінішті орындаудан бас тарту себебін көрсете отырып, құжаттарды алған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде хабарлама жіберу арқылы өтінішті қабылдаудан бас тартады.

17. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға зейнетақы төлемдері бір мезгілде жүзеге асырылады.

#### **4-тарау. Алушы не зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

18. Алушы, сондай-ақ БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар және заңның [11-бабының 1, 2, 3-тармақтарына](#) сәйкес зейнеткерлік жасқа толмаған адам қайтыс болған жағдайда, оның отбасына не жерлеуді жүзеге асырған адамға БЖЗҚ тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, бірақ жеке зейнетақы шотындағы қаражаттан аспайтын [айлық есептік көрсеткіштің](#) 52,4 еселенген мөлшері шегінде жерлеуге арналған біржолғы төлем төлейді.

Егер жерлеуге арналған біржолғы төлем жүзеге асырылғаннан кейін алушының жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының қалдығы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі зейнетақы мөлшерінен аспайтын соманы құраған жағдайда, бұл қалдық БЖЗҚ-ның ішкі құжаттарында айқындалған тәртіппен жерлеуге арналған төлем ретінде төленеді.

19. Жерлеуге арналған біржолғы төлемді алу үшін зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшесі немесе жерлеуді жүзеге асырған адам БЖЗҚ-ға өтініш пен осы Қағидаларға 2-қосымшада айқындалған құжаттарды ұсынады.

20. Зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтарын алушылар (мұрагерлер) БЖЗҚ-ға алу үшін осы Қағидаларға [1-қосымшада](#) айқындалған құжаттар ұсынылады.

21. БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адамның зейнетақы жинақтарын алу мақсатында заңды күшіне енген сот актісінің негізінде жеке немесе заңды тұлғалар БЖЗҚ-ға осы Қағидаларға [2-қосымшада](#) айқындалған құжаттарды ұсынады.

22. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген құжаттар топтамасы заңнама талаптарына сәйкес келген кезде БЖЗҚ қызметкері осы Қағидалардың 17, 18 және 19-тармақтарында көрсетілген тұлғалар жүгінген кезде:

егер осы Қағидалардың 18-тармағында көрсетілген алушының Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдері түріндегі табысқа салық шегерімін қолдануға құқығы болса, тиісті мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде, оның ішінде «МОДҚ» АЖ-де немесе Еңбекминінің АЖ-де тиісті растайтын құжаттардың немесе мәліметтердің болуын тексереді;

ұсынылған құжаттарға ескертулер болмаған кезде көрсетілетін қызметті алушының өтінішін БЖЗҚ АЖ-де тіркеуді жүзеге асырады, салық жеңілдігі болған кезде БЖЗҚ АЖ-ге алушының тиісті жеңілдік санаты туралы белгі қояды;

құжаттарды, оның ішінде «ЖТ МДҚ» АЖ-де мәліметтері жоқ құжаттарды, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде, оның ішінде «МОДҚ» АЖ-де немесе Еңбекминінің АЖ-де растайтын мәліметтер болмаған жағдайда БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдеріне салық салу кезінде жеңілдіктің болуын растайтын құжаттарды сканерлейді;

қабылданған құжаттар негізінде электрондық іс макетін қалыптастырады, оның ішінде қол қойылған өтініш пен құжаттардың сканерленген көшірмелерін БЖЗҚ АЖ-не тіркейді.

## **5-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

23. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану үшін шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына немесе Мемлекеттік корпорация басшысының атына немесе Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) басшысының атына беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның, Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан  
міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік  
зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы  
төлемдерінен жүзеге асыру»  
мемлекеттік қызмет көрсету [қағидаларына](#)  
1-қосымша

<b>«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты</b>		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	<p>Өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:</p> <p>1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) - «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 11-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған адамдар бойынша);</p> <p>2) көрсетілетін қызметті берушінің - бойынша болып табылмайтын тұлғаларға: бірінші, екінші топтағы мүгедектер мерзімсіз; шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға шығып кетушілердің; зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшелері, зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамды жерлеуді жүзеге асырған адамдар; қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтарының мұрагерлері;</p> <p>3) «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі - Портал);</p> <p>4) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы.</p>
3	Мемлекеттік қызметтің көрсету мерзімі	<p>Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері:</p> <p>1) Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған адамдарға мемлекеттік корпорацияның зейнетақы төлемдерінің кестелеріне сәйкес мерзімдерде; зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшелеріне немесе жерлеуді жүзеге асырған адамдарға-көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде; егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектерге, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтарының мұрагерлеріне-құжаттар қабылданған</p>

		<p>не көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде.</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияда, көрсетілетін қызметті берушіде, сондай - ақ портал арқылы жүгінген кезде құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 15 минут;</p> <p>3) Мемлекеттік корпорацияда, көрсетілетін қызметті берушіде қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 30 минут.</p>
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	<p>Қағаз түрінде, оның ішінде мерзімсіз бірінші және екінші топтардың мүгедектігін белгілеуге байланысты төлемдер кезінде;</p> <p>электрондық - бірінші және екінші топтағы мүгедектіктің анықталуына байланысты өтініш беру кезінде мерзімсіз БЖЗҚ интернет-ресурсы арқылы (толық автоматтандырылған);</p> <p>«бір өтініш» қағидаты бойынша; проактивті.</p>
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	<p>Мемлекеттік корпорацияда тіркелген өтініштер бойынша мемлекеттік корпорация зейнетақы төлемдерін алушының банктік шотына аударған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей өтініште (бар болса) көрсетілген көрсетілетін қызметті алушының ұялы телефон нөміріне sms-хабарлама беру арқылы зейнетақы жасына толуына байланысты зейнетақы төлемін жүзеге асыру туралы өтініш берушіні хабардар етеді.</p> <p>Мерзімсіз бірінші және екінші топтағы мүгедектер, зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшелері немесе жерлеуді жүзеге асырған адамдар, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтарының мұрагерлері болып табылатын адамдардың өтініштері бойынша көрсетілетін қызметті беруші өтініш берушіге зейнетақы төлемінің жүзеге асырылғаны туралы көрсетілетін қызметті алушының өтініште көрсетілген ұялы телефон нөміріне (бар болса) sms-хабарлама беру арқылы</p>
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7	Жұмыс кестесі	<p>1) Мемлекеттік корпорация - жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.</p> <p>Қабылдау электронды кезек тәртібінде, тіркеу орны бойынша жүзеге асырылады</p> <p>көрсетілетін қызметті алушы жедел қызмет</p>

		<p>көрсетусіз, электрондық үкімет порталы арқылы электрондық кезекке тапсырыс беруге болады;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті беруші - жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 8.00-ден 19.00-ге дейін, сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін.</p> <p>Қабылдау «электрондық кезек» тәртібімен не көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жеріне қарамастан, жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсы (бірінші және екінші топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты өтініш берген кезде мерзімсіз) - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы.</p>
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу мақсатында Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және салыстыру үшін түпнұсқасы;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының екінші деңгейдегі банктердегі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдағы банк шотының нөмірі туралы мәліметтер.</p> <p>Мемлекеттік корпорация қызметкері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады.</p> <p>Бірінші, екінші топтағы мерзімсіз мүгедектігі бар адам болып табылатын көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде ұсынады:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және салыстыру үшін түпнұсқасы;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының екінші деңгейдегі банктердегі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдағы банк шотының нөмірі туралы мәліметтер.</p> <p>Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам болып табылатын көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу мақсатында көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде:</p> <p>1) өтініш;</p> <p>2) егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдік паспорттың көшірмесі және салыстырып тексеру үшін</p>

түпнұсқасы;

3) көрсетілетін қызметті алушының банктік шоты туралы мәліметтер;

Зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшесі немесе жерлеуді жүзеге асырған адам болып табылатын көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу мақсатында көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде:

1) өтініш;

2) зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшесінің немесе жерлеуді жүзеге асырған адамның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы;

3) зейнетақы жинақтары бар адамның қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі және салыстыру үшін түпнұсқасы;

4) зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшесінің не жерлеуді жүзеге асырған адамның банк шоты туралы мәліметтер;

Қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтарының мұрагері болып табылатын көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу мақсатында көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде:

1) өтініш;

2) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және салыстыру үшін түпнұсқасы;

3) зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның қайтыс болғаны туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

4) мұрагерлікке құқық туралы куәліктің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі не мұраға берілетін мүлікті бөлу туралы келісімнің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі не заңды күшіне енген сот шешімі;;

5) көрсетілетін қызметті алушының банктік шоты туралы мәліметтер.

Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға немесе көрсетілетін қызметті берушіге үшінші тұлға немесе заңды өкіл арқылы жүгінген кезде, жоғарыда көрсетілген құжаттарға қосымша үшінші тұлға немесе заңды өкіл ұсынады:

1) үшінші тұлғаның немесе заңды өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және салыстыру үшін түпнұсқасы;

2) нотариалды куәландырылған сенімхаттың түпнұсқасы немесе оның нотариалды куәландырылған көшірмесі не заңды өкілдің мәртебесін растайтын құжат.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі нотариалды куәландырылады (нотариаттық

		<p>куәландыру тұратын мемлекетте жүргізілген жағдайда).</p> <p>Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес қызмет алушылар:</p> <p>Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері түріндегі табысқа салық шегерімін қолдану құқығы тиісті растайтын құжаттарды ұсынады;</p> <p>көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде табысты түзетуді немесе зейнетақы төлемдері түріндегі табысқа салық шегерімін қолдану құқығы осы қосымшада көрсетілген құжаттар тізбесіне қосымша көрсетілетін қызметті берушінің ішкі құжатымен бекітілген нысан бойынша өтінішті, сондай-ақ тиісті растайтын құжаттарды ұсынады.</p> <p>Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ақпараттық жүйелерінде мемлекеттік корпорация және көрсетілетін қызметті беруші алған, көрсетілетін қызметті алушының табысты түзетуді немесе зейнетақы төлемдері түріндегі табысқа салық шегерімін қолдануға құқығын растайтын мәліметтер болған жағдайда, тиісті растайтын құжаттарды ұсыну талап етілмейді.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге пошта байланысы құралдары арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат, сондай-ақ өтініште көрсетілетін қызметті алушының қолы нотариалды куәландырылады (нотариаттық куәландыру тұратын мемлекетте жүргізілген жағдайда).</p> <p>Заңды күшіне енген сот актісімен айқындалған көрсетілетін қызметті алушы (жеке немесе заңды тұлға) БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адамның зейнетақы жинақтарын алу мақсатында көрсетілетін қызметті берушіге мынадай құжаттарды ұсынады: заңды күшіне енген сот актісі; алушының (сот актісімен айқындалған жеке немесе заңды тұлғаның) банк шоты туралы мәліметтер.</p>
9	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p>	<p>Мемлекеттік корпорация өтінішті қабылдаудан бас тартады:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті алушы осы қосымшада көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын және (немесе) жарамсыз құжаттарды ұсынған, алушыда көрсетілетін қызметті берушіде зейнетақы жинақтары болмаған не ол белгіленген кесте бойынша алушы болып табылса;</p> <p>Көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан немесе орындаудан бас тартады:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті алушы осы қосымшада көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын және (немесе) жарамсыз құжаттарды ұсынған, алушыда көрсетілетін қызметті берушіде зейнетақы жинақтары болмаған жағдайда;</p>

		<p>2) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталған жағдайда;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушы және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдар, деректер мен мәліметтер осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушының бірінші немесе екінші топтағы белгіленген мүгедектігінің мерзімсіз болуы туралы мәліметтерді растаудың болмауы.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы осы қосымшада белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметті алу үшін қайта жүгінеді.</p>
9	<p>Мемлекеттік қызметтер көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар</p>	<p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың «жеке кабинеті», көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсы, мемлекеттік корпорация, сондай-ақ «1414», 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p>

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан  
міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік  
зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы  
төлемдерінен жүзеге асыру»  
мемлекеттік қызмет көрсету [қағидаларына](#)  
2-қосымша

Нысаны

Аудан коды \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы

Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің департаменті

бойынша \_\_\_\_\_ облысы (қаласы)

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (бұдан әрі - БЖЗҚ)

### Өтініш

Азамат \_\_\_\_\_

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Туған күні: \_\_\_\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Жеке сәйкестендіру нөмірі: \_\_\_\_\_

Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі: \_\_\_\_\_

Құжат сериясы: \_\_\_\_\_ құжаттың нөмірі: \_\_\_\_\_ кім берді: \_\_\_\_\_

Берілген күні: \_\_\_\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Тұрақты мекен-жайы

Облысы \_\_\_\_\_ қала (аудан) \_\_\_\_\_ село: \_\_\_\_\_

көше (шағын аудан) \_\_\_\_\_ үй \_\_\_\_\_ пәтер \_\_\_\_\_

Банк деректемелері:

Банктің атауы \_\_\_\_\_

Банктік шот № \_\_\_\_\_

Шот түрі: ағымдағы \_\_\_\_\_

Резиденттік: резидент емес

Маған тағайындауды (қайта бастауды)/ жүзеге асыруды сұраймын

\_\_\_\_\_

(жасына байланысты зейнетақы төлемдері, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдері,  
БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері).

Бұрын маған зейнетақы төлемдері тағайындалды/тағайындалмады (қажет емесі сызылып тасталсын).

БЖЗҚ есебінен төлемдер кезінде БЖЗҚ зейнетақы төлемдері түрінде табысыма төленетін БЖЗҚ төлем есептелген күнге салық шегерімін, бірақ Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мөлшер шегінен аспайтындай қолдануды сұраймын.

Жеке табыс салығына салық салынуға жататын БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері түріндегі менің табысыма салық шегерімін қолдану салық шегерімі құқығының қолданылу мерзімі ішінде қолданылатынына келісемін.

Төленетін зейнетақы мөлшерінің өзгеруіне әкеп соғатын барлық өзгерістер туралы, сондай-ақ сауалнама деректерінің, банк деректемелерінің тұрғылықты жерінің өзгеруі (оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерге кетуі) туралы Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне хабарлау қажеттігі туралы хабардар етілді.

Мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды және (немесе) әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін жеке банктік шот ашылған жағдайда, мұндай шоттағы ақшаға үшінші тұлғалардың өндіріп алуына жол берілмейді.

Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

р/с №	Құжаттың атауы	Құжаттағы парақтар саны	Ескертпе
1			
2			
3			

Төлемді тағайындау үшін қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемін жүзеге асыру туралы, жасына байланысты зейнетақы төлемін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді ұялы телефонға sms-хабарлама жіберу арқылы қабылдау туралы хабарламаға келісім беремін.

Өтініш берушінің байланыс деректері:

үй телефоны \_\_\_\_\_ мобильді \_\_\_\_\_ E-mail \_\_\_\_\_

өтініш беру күні: 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

өтініш берушінің қолы \_\_\_\_\_

Азаматтың өтініші

№ \_\_\_\_\_ тіркелді құжаттарды қабылдау күні 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

(құжаттарды қабылдаған Мемлекеттік корпорация қызметкерінің қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және лауазымы)

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан  
міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік  
зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы  
төлемдерінен жүзеге асыру»  
мемлекеттік қызмет көрсету [қағидаларына](#)  
3-қосымша

Нысаны

### ҚОЛХАТ

№ \_\_\_\_\_ зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін құжаттарды қабылдау туралы  
\_\_\_\_\_ (түрін көрсету)

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ бастап

Азамат \_\_\_\_\_  
(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Туған күні \_\_\_\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Үшінші тұлға / заңды өкіл

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

Өтініш берген күні 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

р/с №	Құжаттың атауы	Құжаттағы парақтар саны	Ескертпе
1			
2			
3			

\_\_\_\_\_ (Мемлекеттік корпорацияның қызметкері қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және лауазымы)

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан  
міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік  
зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы  
төлемдерінен жүзеге асыру»  
мемлекеттік қызмет көрсету [қағидаларына](#)  
4-қосымша

Нысаны

**ҚОЛХАТ № \_\_\_\_\_ зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті қабылдаудан  
бас тарту туралы**

\_\_\_\_\_

**(түрін көрсету)**

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года

Азамат \_\_\_\_\_  
(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Туған күні \_\_\_\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Үшінші тұлға / заңды өкіл

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

Өтініш берген күні 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті қабылдаудан бас тартылды:  
құжаттардың толық емес пакетін және (немесе) қолданылу мерзімі өткен, алушыда  
зейнетақы жинақтары жоқ  
құжаттарды ұсыну белгіленген кесте бойынша алушы болып табылады (өзге себебін  
көрсету)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(Мемлекеттік корпорацияның қызметкері қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және  
лауазымы)